

*Ажар Ахметжанова,
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті,
Анар Алина,
Шығыстану факультетінің 1 курс студенті
10 қыркүйек, 2013 ж.*

Тұлға тағылымы

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ тарих, археология және этнология факультетінің түлегі, соғыс ардагері, ғалым, ұстаз Ғаббас Жұматұлының өмірі мен қызметі кімге болса да үлгі-өнеге.

Ғаббас Жұматұлы Орталық Қазақстанның ең бір табиғаты әсем, шұрайлы жерлерінің бірі – Павлодар облысының Баянауыл ауданында дүниеге келген. Ол өмірдің санқырлы санағынан өтті. Павлодардағы бастауыш мектепті бітірген соң, 1933 жылы ата-анасымен бірге Алматыға көшіп келді. Осында 1937 жылы байланыс техникумын бітіріп, Қарағандыдағы радио-хабарларын тарату қондырғысында техник болып жұмыс істейді. Кейін тау-кен институтының геологиялық барлау факультетіне оқуға түседі. Бірақ көп ұзамай Отан алдындағы борышын атқару үшін әскерге шақырылады да, әскер қатарында 1940-1946 жылдарға дейін болып, Ұлы Отан соғысына қатысады. Соғыс басталғанда Ғаббас Жұматұлы кең байтақ елдің батыс шекарасында, Белоруссиядағы Брест қамалының әскери гарнизонның жауынгерлерімен жауға қарсы күш-жігерін салып, мемлекетін қорғайды. Атамыздың көптеген майдангер достары соғыстың алғашқы сағатында-ақ оққа ұшқанымен, солдаттар ерлігі әрқашан аңыз болып қалады. Ал ардагеріміз болса, әлгі күнге дейін сол жауынгер достарының бет-әлпетін, сөз ырғақтарын есінде мәңгі сақтауда.

Жұматов Ғаббас Жұматұлы – запастағы подполковник, 19 үкіметтік, соның ішінде шетелдік марапат иегері, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Ардагерлер кеңесінің төрағасы. Брест қамалын, Мәскеуді қорғады, Украинаны азат етті, ұрыстармен Румыния, Югославия, Венгрия және Австрияда ерлікпен шайқасқан. Ол I дәрежелі Отан соғысы орденімен (екі мәрте), II дәрежелі Қызыл Жұлдыз орденімен, Венгер республикасының «Алтын десте» медалімен, «Мәскеуді қорғағаны үшін», «Будапешті алғаны үшін» медальдарымен, мерекелік «Брест қамалын қорғағаны үшін» медалімен және т.б. марапатталды. Майдангерлер арасында жауынгерлік марапаттармен тең бағаланатын Жоғарғы Қолбасшының алғыс хаттарына ие. Бұл майдандағы ерен еңбегі хақында болса, ал ұстаздық қызметінде де жемісті еңбектер атқарды.

Жеңістен соң Ғаббас ата туған ошағына оралып, С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) тарих факультетіне түсіп, оны 1950 жылы үздік бітірген соң, аспирантураға қалдырылады. Кандидаттық диссертация қорғап, оқытушы, доцент, ғалым ретінде жас мамандарға қолдан келген көмегін аяп көрген емес. Құрметті ардагер Отанын қорғай алды, соғыстан кейін

университетте жоғары білім алып, ғылыми атақтарға ие болып, жас ұрпақты тәрбиелеп, КазҰУ-ды білім, ғылым, тәрбие және мәдениет орталығына айналдыру үшін ерең еңбек етті. Ұзақ жылдар бойы ол университет және республика көлемінде қоғамға пайдалы көптеген жұмыстар атқарып келеді. Соның бір көрінісі Республиканың соғыс ардагерлері кеңесінің, шетелдермен достық және мәдени байланыстар жасау қоғамында жасалып жатқан істері. Ғ.Жұматұлы үнемі әскери-патриоттық және қоғамдық-саяси тақырыптарға баяндама жасайды. Ұрпағына айтары бар ақсақалдың әр әңгімесі ғибратқа толы.

Ғаббас Жұматұлы бірнеше рет Францияға, Италияға, Венгрияға, Болгарияға және т.б. елдерге барып, жоғары оқу орындары студенттерінің, Қарсыласу қозғалысының қатысушылары мен белсенділерінің алдында Ұлы Отан Соғысы туралы естеліктерін айтып сөз сөйледі. Және де Мәскеу маңында фашист әскерлерін талқандаудың 50-жылдығына орай Ғ. Жұматұлы Ресей астанасына шақырылып, мұнда Ресейлік соғыс ардагерлері комитетінің Мәскеулік секциясы оны әскери-патриоттық жұмысқа белсене қатысқаны үшін Құрмет грамотасымен марапаттады. Ал Беларусь Республикасының үкіметі ардагерді Брест қамалының қорғанысына, Ұлы Отан соғысының мерейтойларына байланысты салтанаттарға және жай ғана соғыс ардагерлерінің кездесулеріне бірнеше мәрте шақырды.

Ғаббас Жұматұлы – ұстаз және ғалым. Ал ұстаз болу үшін адам баласы өміріндегі ата-анадан алған тәрбиені және басқа да ғұламалардан алған жағымды қасиеттерді кейінгі ұрпақтарға бере білу қажет. Өмірдің қуанышы мен қиындығын басынан өткізген адам ғана қоғамның болашағы – жастарды адалдыққа, өз Отанын сүйуге тәрбиелеуде қамқоршы бола алады. Халқымыздың қай уақытта болса да отансүйгіштік қасиеттері, патриоттық сезімдері, ұлттық рухы жоғары деңгейде болды. Осындай жақсы қасиеттерді тұлғамыздың бойынан көре аламыз. Атамыздың бұндай азамат болып қалыптасуына ерекше ықпал еткен, қол ұшын берген белгілі ғалымдар, аға ұрпақ өкілдері мен академиктер: Ш.Ш. Шөкин, С.Б. Бейсембаев, Т.Т. Тәжибаев, профессорлар Е.Б. Бекмаханов, С.Х. Субханбердин тағы басқалар туралы ол әрдайым жылы лебізін білдіріп, есіне алады.

Соғыс және еңбек ардагерлерінің өмірі мен қызметі жастардың қазіргі және келешек ұрпағына үлгі, өйткені, кез-келген мемлекетке өз Отанының патриоттары қажет. Патриот болып туады, бірақ көп жағдайда, оларды өзіндік тәжірибеде тәрбиелеу керек. Ғаббас Жұматұлының тағдыры туғаннан, оқыған, Отанын фашизмнен қорғаған кездерінен бастап мадақтауға, еліктеуге және бас иіп қастерлеуге лайық.

Күні кеше ғана, 2013 жылдың 15 мамырында факультетімізде ардақты, сыйлы, құрметті Ғаббас Жұматұлы мен кездесу өткіздік. Белгілі тұлға профессор-оқытушыларды және студенттерді қызықты әңгімелерге бөлендіріп, рухани байлығын кеңейтіп, батасын берді.

Ғаббас Жұматұлы – жауынгер, ұстаз, ғалым, әке, ата, патриот - тек өзінің туған университеті мен Алматы қаласында ғана емес, біздің кең-байтақ Отанымыздың барлық түкпірінде қастерлеп, құрметтеуге лайық тұлға.

